













Жұмыс алғышарттары

- Тек рұқсат етілген сұйықтықтарға қолдау көрсетіледі.
- Ластанған (құмды) су болған жағдайда, қосымша алдын ала тазартқыш сүзгіні қолданыңыз.
- Сораптарды дәйекті түрде қоспаңыз.
- Сорапты тікелей су құбырының шүмегіне жалғамаңыз.
- Найзалы қосылымдар жүйесін (ГК муфталар) қолданбаңыз.
- Сору жағында кері клапанды сорап алдында тікелей орнатпаңыз. Сорап пен ықтимал кері клапанның арасындағы қашықтық кем дегенде 3 м болуы тиіс.

Бақылау тізімі

<p>Орнату</p> <ul style="list-style-type: none"> → Сораппен бірге сығылған ауамен баллондар жеткізілген кезде, оларды нұсқаулыққа сәйкес сорапқа жалғаңыз. → Сонымен қатар, сығылған ауамен баллондағы қысым 3,5 бар құрайтынын тексеріңіз. → Егер сорап сумен жабдықтау көзіне алдын ала жалғанған болса, жүйеде қысымның жоқтығын қамтамасыз ету үшін, барлық шығыс орындарды ашып қойыңыз. 		<input type="checkbox"/>
<ul style="list-style-type: none"> → Сорапты қолдану бойынша нұсқаулыққа сай жалғаңыз. → Сонымен қатар, барлық қосылымдар тығыз бұрап бекітілгеніне көз жеткізіңіз. 		<input type="checkbox"/>
<ul style="list-style-type: none"> → Сорапты құю мойны арқылы артық толтырылғанша сумен толтырыңыз. → Алдын ала тазартқыш сүзгінің дұрыс орналастырылғанына көз жеткізіңіз ("Техникалық қызмет көрсету және күтім" мақаласын қараңыз). 		<input type="checkbox"/>
<ul style="list-style-type: none"> → Қақпақты қолмен тығыз бұрап бекітіңіз. 		<input type="checkbox"/>
<ul style="list-style-type: none"> → Барлық қосылымдардың тығыздығын тексеріп алыңыз. 		<input type="checkbox"/>
<ul style="list-style-type: none"> → Сорапты желдету: 1 Құбыр желілерінен ауаның кетірілгеніне көз жеткізу үшін, су жүйесіндегі барлық шығыс орындарды бір рет ашып жабыңыз. 2 Қысымды құбыр желісіндегі қолжетімді тежегіш клапандарды толықтай ашып қойыңыз немесе тиекті клапанда судың жеткілікті екендігін тексеріңіз. 3 Сорапты ұзақ мерзімді жұмыс режиміне ауыстырып қосыңыз ("I/On" ауыстырып-қосқыш күйі). 4 Сорап біркелкі беріліске жеткенше және жүйеде ауа қалмағанша сорапты бірнеше минут жұмыс істетіңіз. <p>Сорап енді жұмысқа дайын.</p>		<input type="checkbox"/>
<p>Сору жағында қате орын алған жағдайда (сору жағындағы қатені білдіретін жарық диоды жанады):</p> <ul style="list-style-type: none"> → Сорғыш шлангідегі кері клапанды шығарып алыңыз. Сорап кірістірілген кері клапан арқылы жеткілікті түрде қорғалған. → Орнату бойынша қадамдарды жаңадан мұқият орындаңыз. 		<input type="checkbox"/>
<p>Қысым жағында қате орын алған жағдайда (қысым жағындағы қате индикаторы жанады):</p> <ul style="list-style-type: none"> → Орнату бойынша қадамдарды жаңадан мұқият орындаңыз. 		<input type="checkbox"/>

<p>Техникалық қызмет көрсету және күтім</p> <ul style="list-style-type: none"> → Қақпақты құю мойнынан бұрап шығарыңыз. → Бастапқы сүзгіні толықтай шығарып алыңыз. → Кері клапанды бастапқы сүзгіден ажыратыңыз. 		<input type="checkbox"/>
<ul style="list-style-type: none"> → Бастапқы сүзгі мен кері клапанды ағынды су астында тазалаңыз. → Қажет болса, лас қалдықтарын сораптан шайып кетіріңіз. 		<input type="checkbox"/>
<ul style="list-style-type: none"> → Кері клапанға оңай қол жеткізу мүмкіндігін тексеріңіз. → Қол жеткізу қиын болған жағдайда, кері клапанның тығыздауыштарына Kärcher қызмет көрсету орталығында қолжетімді жағармай (6.288-143.0) жағыңыз. Минералды жағармай мен майларды қолданбаңыз. 		<input type="checkbox"/>
<ul style="list-style-type: none"> → Бастапқы сүзгі мен кері клапанды қайтадан бір-біріне жалғаңыз. 		<input type="checkbox"/>
<ul style="list-style-type: none"> → Алдын ала тазартқыш сүзгіні сорап ішіне орнатыңыз. Орнату позициясының дұрыстығын қадағалаңыз! Алдын ала тазартқыш сүзгінің шығыңқы жерін құю мойнындағы тиісті ұяшыққа орналастырыңыз. Алдын ала тазартқыш сүзгіні күш қолданусыз орнату керек. 		<input type="checkbox"/>
<ul style="list-style-type: none"> → Сорапты "Орнату" мақаласына сай қайтадан іске қосыңыз. 		<input type="checkbox"/>